

## Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 12 қазандағы  
№ 238 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет  
министрлігінде 2016 жылғы 14 қарашада № 14417 болып  
тіркелді

"Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 21.11.2016 ж.; ҚР  
НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,  
22.11.2016 ж.

---

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің төрағасы* *Н.*  
*Айдапкелов*

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті төрағасының  
2016 жылғы 12 қазандағы  
№ 238 бұйрығымен бекітілді

**Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру  
үшін  
қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша  
әдістеме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Ұлттық шоттар жүйесінде (бұдан әрі - ҰШЖ) Экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістеме (бұдан әрі - Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістеменің мақсаты ҰШЖ-да экологиялық шотты құрастыру үшін қоршаған ортаны қорғау

статистикасы бойынша алғашқы көрсеткіштер жүйесін қалыптастырудың негізгі қағидаттарын және тәртібін анықтайды.

3. Әдістемені экологиялық көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық органдары қолданады.

4. Әдістеме Қазақстан Республикасы экономикасының ерекшеліктерін ескере отырып бейімделген, Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық стандарттары ретінде басылған «Экологиялық-экономикалық есеп жүйесінің (ЭЭЖ 2012)» (бұдан әрі - ЭЭЖ) принциптерін және ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.

5. Осы Әдістемеде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде, Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар және келесі негізгі анықтамалар қолданылады:

1) атмосфераға шығарындылар - экологиялық жүйенің бөлігі болып табылатын атмосфераға экономика жүйесінің шаруашылық субъектілерінен (өндіріс немесе тұтыну үдерісінің нәтижесінде) газ тәрізді немесе дисперсті материалдардың физикалық ағыны;

2) құндық белгідегі ағындар - ақшалай бірлікте өлшенетін айналым;

3) құндық белгідегі қорлар - ақшалай бірлікте өлшенетін қазіргі уақыттағы активтер саны;

4) қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдық шығындар - кәсіпорындар мен ұйымдардың іс-шараларды жүргізуге, технологиялық үдерістер мен өндірістердің ағымдағы жұмысын қамтамасыз етуге, сонымен бірге ластаушы заттарды (өнімдерді) азайту, тазалау (қайта өңдеу), алдын-ала және/немесе жою мақсатында әзірленген және жұмыс жасайтын машина және жабдықтарды ұстауға және пайдалануға кеткен шығындар;

5) мекеме - бір жерде орналасқан және өндірістік қызметтің бір түрімен айналысатын немесе қосылған құн бағасының негізгі бөлігі маңызды бөлігіне ие кәсіпорын немесе кәсіпорын бөлігі;

6) ұлттық шоттар жүйесі - шотты жүргізудің нақты ережелеріне және экономикалық теория принциптеріне негізделген макро деңгейдегі есепке сәйкес және экономикалық қызмет көрсеткіштерін санау бойынша халықаралық деңгейде келісілген стандартты жиынтық

7) физикалық белгідегі ағындар - натуралдық бірлікте өлшенетін айналымдар;

8) физикалық белгідегі қорлар – натуралды бірлікте өлшенетін қазіргі уақыттағы активтер саны;

9) экологиялық-экономикалық есеп жүйесінің орталық негізі – экономика және қоршаған орта арасындағы өзара әрекеттестігін, сондай-ақ экологиялық активтер қорының бар болуын және өзгеруін сипаттайтын көп мақсатты концептуалды негіз.

## 2-тарау. Экологиялық-экономикалық есеп жүйесінің орталық негізі және құрылымы

6. ЭЭЕЖ ресурстардың қорларын және ағындарын қамтитын экологиялық және экономикалық ақпаратты ұйымдастырдың жүйелі тәсілін қарастырады. Ақпарат экологиялық және экономикалық көрсеткіштерді сараптау үшін пайдаланады. Деректер кесте түрінде заттай және құндық түрде, сондай-ақ аралас форматта келтіріледі.

7. ЭЭЕЖ деректер ағынының жүйесі (алғашқы деректерден шоттарға дейін) осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген. Осы сызбаға сәйкес экологиялық шот қоршаған орта статистикасының кең ауқымын қамтитын 12 шоттардан тұрады. Барлық экологиялық шоттар өзара байланысты.

8. Экологиялық шот үш шоттар тобынан тұрады:

1) Физикалық және гибридік ағындық шоттар (1-топ) бес түрлі шоттан тұрады:

атмосфераға шығарындылар шоты;

суға төгінділер шоты;

су ағыны шоты;

энергетикалық және материалдық ағындық шоты;

қалдықтар шоты.

2) Табиғи ресурстар\активтер шоты (2-топ) келесі төрт шоттан тұрады:

жер қабаты шоты;

орман ресурстарының шоты;

су қорының шоты;

минералды және энергетикалық ресурстар шоты.

3) Экологиялық қызмет шоты (3-топ) үш шот түрінен тұрады:

қоршаған ортаға жұмсалған шығындар шоты;

экологиялық салықтар және субсидиялар шоты;

экологиялық тауарлар және қызмет секторы шоты.

ЭЭЕЖ енгізудің модульдік және икемді тәсілі Ұлттық статистика қызметтеріне өздерінің мүдделеріне және алғашқы дерек көздерінің болуына байланысты

экологиялық шоттарды кезеңмен енгізуге мүмкіндік береді. ЭЭЕЖ құрылымы оны бөлігімен де, толықтай да тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

### **3-тарау. Ұлттық деңгейде экологиялық шотты құрастыру үшін алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру**

9. ЭЭЕЖ орталық негізінің экологиялық шоттарын қалыптастыру кезінде қолданылатын алғашқы көрсеткіштер қоршаған орта статистикасын жүргізу үдерісінде қалыптастырылады. Қазақстан Республикасының экологиялық көрсеткіштер жүйесі ресми статистикалық және әкімшілік дерек көздерінің негізінде қалыптастырылады.

10. Халықаралық деңгейде салыстырмалы деректер алуға мүмкіндік беретін қоршаған ортаны қорғау статистикасы саласындағы көрсеткіштер жүйесі, жіктелімдер және есепке алулар Біріккен Ұлттар Ұйымының Европалық Экономика Комиссиясының (БҰҰ ЕЭК), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ), Европалық кеңестің статистикалық қызметі (ЕКСҚ) және Біріккен Ұлттар Ұйымы Статистикалық бөлімінің (БҰҰСБ) ұсынымдарына негізделген.

11. ЭЭЕЖ енгізу тәсілдеріне сәйкес ұлттық деңгейде кезеңмен келесі экологиялық шоттар енгізілуде: атмосфераға шығарындылар; қалдықтар; қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар.

Осы әдістемеде аталған шоттарды құрастыру үшін алғашқы деректерді қалыптастыру үдерісінің қадамдары сипатталған.

#### **1-параграф. Атмосфераға шығарындылар шотының алғашқы көрсеткіштерін қалыптастыру**

12. Атмосфераға шығарындылар шоты (бұдан әрі – АШШ) экономикалық жүйедегі шаруашылық субъектілерден атмосфераға газ тәрізді және дисперстік материалдар ағынын тіркейді.

13. Атмосфераға шығарындылар шотын құрастыру үшін қолданылатын негізгі алғашқы көрсеткіштер және оларды есептеу алгоритмі ұлттық ерекшеліктерді және деректердің болуын ескере отырып, осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген атмосфераға шығарындылар шотының құрылымына сәйкес анықталады.

14. Атмосфераға шығарындылар өндіріс үдерістерінен, тұтыну және жиналу нәтижесінде мекемелер және үй шаруашылықтарының атмосфераға шығаратын газ тәріздес және қатты заттары болып табылады.

15. Атмосфераға шығарындылар шоты стационарлық және жылжымалы ластау көздерінен атмосфераға ластайтын заттар шығарындылардың көлемі жөніндегі ақпаратты құрайды.

16. Атмосфераға шығарындылар шотын есептеу антропогендік шығарындыларға, атмосфераға адам шығарған шығарындыларға баса назар аударылады және өлшеу (есептеу) әдісімен жүргізіледі. Табиғи көздерден атмосфераға шығарындылар (мысалы, вулкандар, орман өрті және басқалар) есепке алынбайды.

17. Атмосфераға шығарындылар шоты өндірістік бірліктер тобы болып табылатын экономиканың барлық салаларын, сондай-ақ үй шаруашылықтарын қамтиды. Үй шаруашылықтарының тұтынуы тікелей атмосфераға шығарындылармен байланысты болған жағдайда олар салалардан бөлек тұтынушы ретінде қарастырылады. Үй шаруашылықтары атмосфераға тікелей шығарындыларды жіберетін ірі көздер болып табылады және атмосфераға шығарынды тұрғысынан үш ішкі классқа бөлінеді:

көлік;  
жылыту/суыту;  
басқалары.

18. Өндіріс, тұтыну және жинау үдерісі нәтижесінде атмосфераға шығарындылар бойынша деректер АШШ-да есепті жылға есептеледі. Коммуналдық қалдықтарды орналастыруға арналған бақыланатын полигондардан атмосфераға шығарындылар өткен кезеңдерде өндіріс, тұтыну және жинау нәтижесіндегі шығарындыларды көрсетеді. Коммуналдық қалдықтарды орналастыруға арналған бақыланатын қоқыс полигондардан атмосфераға шығарындылар көлемі атмосфераға шығарындыларды есептеу алгоритміне сәйкес экономика салалары бойынша шығарындылар көлемінде есептелмейді.

19. Атмосфералық ауаға шығарындылардың жалпы көлемі келесі формула бойынша есептеледі:

$$V_{\text{(барлығы)}} = V_{\text{(с)}} + V_{\text{(γ)}} + V_{\text{(п)}} ,$$

, , (1)

мұнда;

$V_{\text{(барлығы)}}$  – атмосфералық ауаға шығарындылардың жалпы көлемі;

$V_{(с)}$  – экономика салалары бойынша шығарындылар көлемі;

$V_{(у)}$  – үй шаруашылықтарынан шыққан шығарындылар көлемі;

$V_{(п)}$  – коммуналдық қалдықтарды орналастыру үшін арналған бақыланатын қоқыс полигондарынан шыққан шығарындылар көлемі.

20. Экономика салалары бойынша ластау заттарының шығарындыларының көлемі өндірістік бірліктегі экономикалық қызмет түрлері шығарындыларының жиынтығы ретінде анықталады:

$$V_{(с)} = V_{(аш)} + V_{(кө)} + V_{(өө)} + V_{(к)} + V_{(өс)}, \quad (2)$$

мұнда;

$V_{(с)}$  – экономика салалары бойынша шығарындылардың көлемі;

$V_{(аш)}$  – ауыл шаруашылығынан шығарындылар көлемі;

$V_{(кө)}$  – кен өндіру өнеркәсібінен шығарындылар көлемі;

$V_{(өө)}$  – өңдеу өнеркәсібінен шығарындылар көлемі;

$V_{(к)}$  – көлік саласынан шығарындылар көлемі;

$V_{(өс)}$  – өзге де салалардан шығарындылар көлемі.

21. Үй шаруашылықтарының атмосфераға шығарындылар және энергетика статистикасының жалпымемлекеттік статистикалық байқауының деректері атмосфераға шығарындылар шотының көрсеткіштерін қалыптастыру үшін ақпараттың негізгі көздері болып табылады.

22. Стационарлық көздерден ластаушы заттардың шығарындылары көрсеткішін қалыптастыру үшін атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі жыл сайынғы жалпымемлекеттік статистикалық байқау деректері қолданылады. Атмосфераға жалпы ластаушы шығарындыларына және тазарту құралдарының болуына қарамастан ауаны ластайтын тұрақты көздері бар шаруашылық субъектілері атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау бірлігі болып табылады.

23. Стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттар шығарындылары бойынша деректерді жинау Заңның 12-бабы 8-тармақшасына сәйкес «Ерекше ластаушы заттардың анықтамалығына» сай заттардың түрлері бойынша жүзеге асырылады.

24. «Ерекше ластайтын заттардың анықтамалығында» атмосфераға шығарындылар шотын қамтитын ауаны ластаушы

заттардың және дисперстік құрамдардың келесі негізгі түрлері келтірілген (қатты бөлшектер диаметрі 10 мкм (ҚБ<sub>10</sub>), қатты бөлшектер диаметрі 2,5 мкм (ҚБ<sub>2,5</sub>), күкіртті ангидрид (SO<sub>2</sub>), күкірт сутегі (H<sub>2</sub>S), көмір тотығы (CO), (NO<sub>2</sub> есептегендегі) азот тотығы, аммиак, (ұшпалы органикалық және метан қоспаларынсыз (CH<sub>4</sub>)) көмірсутектер, ұшпалы органикалық қосылымдар (ҰОК)).

25. Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» (бұдан әрі – ЭҚҚЖ) сәйкес атмосфераға ластаушы шығарындыларының көздері болып табылатын экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасады. Саланы нақтылау секция деңгейінде жүргізіледі.

26. Жылжымалы көздерден атмосфераға шығарындылар бойынша ақпарат парниктік газдар бойынша ғана қалыптасады.

27. Парниктік газдар бойынша әкімшілік көздерден әкімшілік деректері негізінде жыл сайын парниктік газдардың шығарындылары жөніндегі ақпарат қалыптастырылады. Есепті мұнайгаз, энергетика, тау металлургия, химия, парниктік газдар шығарындылары көміртек қостотығының жылына жиырма мың тонна эквивалентінен асатын құрылыс материалдарының өндірісі бөлігінде: цемент, әк, гипс және кірпіш өңдеу саласында қызметін жүзеге асыратын табиғатты пайдаланушылары тапсырады.

28. Атмосфераға шығарындылар есебінен ескерілетін парниктік газдардың алты түрі (CO<sub>2</sub>, N<sub>2</sub>O, CH<sub>4</sub>, ГФК, ПФК, SF<sub>6</sub>) бойынша әкімшілік деректер қалыптасады.

29. Үй шаруашылығының тұтыну қызметі нәтижесі бойынша үй шаруашылығынан ластаушы заттардың шығарындылары келесі формула бойынша анықталады:

$$V_{(Ү)} = V_{(кқ)} + V_{(Үж)},$$

(3)

мұнда;

$V_{(Ү)}$  – үй шаруашылығынан шығарындылардың көлемі;

$V_{(кқ)}$  – үй шаруашылығындағы көлік құралдарынан шығарындылардың көлемі;

$V_{(Үж)}$  – үй шаруашылығын жылытудан шығарындылардың көлемі.

30. Үй шаруашылығындағы көлік құралдарынан шығарындылардың көлемі есеп жолымен келесі формула бойынша есептеледі:



$$(S_{\text{көлік}} \setminus P_{\text{орт.баға}}) * K, \quad V_{(YK)} = \quad (4)$$

мұнда;

$V_{(YK)}$  – үй шаруашылығындағы көлік құралдарынан шығарындылар көлемі;

$S_{\text{көлік}}$  – үй шаруашылығындағы жеке көлік құралдары үшін жанар-жағар май материалдарына кеткен шығындар көлемі;

$P_{\text{орт.баға}}$  – белгілі бір отын түрлеріне орташа баға;

$K$  – шығарындылар коэффициенті.

31. Үй шаруашылығындағы жеке көлік құралдар үшін жанар-жағар май материалдарына кеткен шығындардың көлемі күнделікті шығындарды есептеу бойынша тоқсандық жалпы мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері бойынша қалыптастырылған, статистикалық ақпарат негізінде анықталады.

Белгілі бір отын түрінің бағасы тұтыну тауарларының бағасына және ақылы қызметтерге ай сайынғы жалпы мемлекеттік статистикалық байқау негізінде анықталады. Белгілі бір отын түріне орташа жылдық бөлшек бағаны есептеу орташа арифметикалық формула бойынша жүргізіледі.

32. Атмосфераға шығарындыларды есептеу алгоритмі бірнеше кезеңнен тұратын шығарындыларды есептеудің жалпы моделіне негізделген:

1) бірінші кезеңде әр отын бойынша үй шаруашылығындағы қолданылған отын көлемі (литрмен, тоннамен немесе мерт кубпен) анықталады;

2) екінші кезеңде алынған отын көлемі қолданылатын шығарындылар коэффициентімен сәйкестігі үшін әр отын түріне бөлек жылу беру мүмкіндігін ескеріп терраджоульге ауыстырылады. Отын көлемін терраджоульге ауыстыру кезінде халықаралық стандарттар негізінде есептелген Қазақстан Республикасының Энергетика саласының ерекшелігін ескеріп бейімделген ұлттық өзгеру коэффициенттері бойынша Қызмет көрсету және энергетика статистикасы басқармасының деректері қолданылады.

3) үшінші кезеңде тераджольмен көрсетілген үй шаруашылығында отынның әр түрі жеке алынып, отынның көлемі қолданылған осы түрі бойынша шығарындылар коэффициентіне көбейтіледі.

33. Үй шаруашылығының көлік құралдарынан парниктік газдар шығарындыларының көлемін анықтау үшін Климаттың өзгеруі бойынша Үкіметаралық сарапшылар тобында (бұдан әрі – КӨУСТ 2006) келтірілген

коэффициенттер қолданылады. Жол көліктері үшін  $\text{CO}_2$ ,  $\text{N}_2\text{O}$  и  $\text{CH}_4$  бойынша шығарындылар коэффициенті осы Әдістемеге 3-қосымшада келтірілген.

34. Үй шаруашылығын жылытудан ластаушы заттар шығарындыларының көлемі келесі формула бойынша есептеледі:

$$V_{(YJ)} = (S_{\text{жылыту}} \setminus P_{\text{орт. баға}}) * k, \quad (5)$$

мұнда;

$V_{(YJ)}$  – үй шаруашылығын жылытудан шығарындылар көлемі;

$S_{\text{жылыту}}$  – үй шаруашылығын жылытуға кеткен шығын көлемі;

$P_{\text{орт. баға}}$  – белгілі бір отын түріне орташа жылдық бөлшек баға;

$k$  – шығарынды коэффициенті.

35. Үй шаруашылығын жылытуға кеткен шығын көлемі тоқсан сайынғы үй шаруашылықтарының шығыстары мен табыстары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау негізінде қалыптастырылатын агрегатталған деректер негізінде анықталады. Отынның белгілі бір түріне баға тұтыну тауарлары және ақылы көрсетілетін қызметтер бағаларына ай сайынғы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың негізінде анықталады. Белгілі бір отын түріне орташа жылдық бөлшек баға есепті жылдың айлары бойынша нақты қалыптасқан бағадан қарапайым орташа арифметикалық ретінде есептеледі.

36. Үй шаруашылығын жылытудан ластаушы заттардың шығарындыларының көлемін анықтау үшін ағымдық есепте КӨҮСТ 2006 Парниктік газдарды түгендеудің ұлттық басқарушы принциптерінде келтірілген шығарындылар коэффициенті қолданылады.  $\text{CO}_2$ ,  $\text{N}_2\text{O}$  и  $\text{CH}_4$  шығарындылар коэффициенттері стационарлық жағу үшін осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген.

37. Коммуналдық қалдықтарды орналастыру үшін арнайы қоқыс полигондарынан  $V(p)$  парниктік газдар шығарындыларының көлемі бойынша ақпаратты климаттың өзгерісі туралы БҰҰ негіздемелік конвенциясына және Киоттық хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасының міндеттеріне сай Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі қалыптастырады. Осы көрсеткіш бойынша ақпарат «Монреаль хаттамасымен реттелмейтін, көздерден антропогендік шығарындылар кадастры және парниктік газдарды жұтатын абсорбациялар туралы Ұлттық

баяндамада» жарияланады.

38. Барлық құралатын әдістерді анықтаған соң қарапайым қосу әдісімен әр зат бойынша жылына тоннамен атмосфералық ауаға шығарындылардың көлемі анықталады.

## 2-параграф. Қалдықтар шотының алғашқы көрсеткіштерін қалыптастыру

39. Қалдықтар шоты (бұдан әрі – ҚШ) қалдықтардың пайда болған немесе олармен айналым сәтін бастап қалдықтардың өндірісін және тұтынуын тіркейді.

Бұл ретте өндіріс қалдықтарына кәсіпорынның шаруашылық қызмет үдерісінде пайда болған қалдықтар жатады. Тұтыну қалдықтарына адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде елді мекендерде пайда болған коммуналдық қалдықтар және құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас басқа да қалдықтар жатады.

40. Ұлттық ерекшелікті және деректердің бар болуын ескере отырып, осы Әдістемеге 5-қосымшада келтірілген, қалдықтар шотының құрамына сәйкес қалдықтар шотын құрастыру үшін қажетті негізгі алғашқы көрсеткіштер анықталады.

41. Қалдықтар шотындағы қалдықтар ақаба сулардан басқа қатты немесе сұйық қалпындағы материалдар жатады.

42. Қалдықтар шотына қауіпті және қауіпсіз қалдықтардың түзілуі және айналымы жөніндегі ақпарат кіреді.

43. Қалдықтардың түзілуі бұл өңдеу, кәдеге жарату және көму алдында қалдық ағынына түскен шикізат, материалдар мен азық-түлік қалдықтарының жалпы салмағы немесе көлемін білдіреді.

44. Пайда болған қалдықтардың жалпы көлемін анықтау үшін келесі формула қолданылады:

$$V_{(и)}, \quad (6) \quad V_{(барлығы)} = V_{(к)} + V_{(к)} +$$

мұнда;

$V_{(барлығы)}$  – қалыптасқан қалдықтардың жалпы көлемі;

$V_{(к)}$  – экономика салалары бойынша пайда болған өндірістік қалдықтардың көлемі;

$V_{(к)}$  – пайда болған тұтыну қалдықтардың көлемі;

$V_{(и)}$  – қалдықтар импортының көлемі.

45. Қалдықтар және сауда бойынша жалпы мемлекеттік статистикасының байқаудың деректері қалдықтардың пайда болу шотының көрсеткіштерін қалыптастыру үшін

ақпараттың негізгі көзі болып табылады.

46. Экономика салалары бойынша өндірістік қалдықтардың көлемі жөніндегі ақпарат жыл сайын Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 29 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14234 болып тіркелген) қалдықтарды түгендеу есебі бойынша есеп негізінде қалыптастырылады. Есепті респонденттің орналасу орны бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне табиғатты пайдаланушылар тапсырады.

47. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсатында транс шекаралас тасымалдау және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясында қауіпті қалдықтардың 3 деңгейі белгіленеді:

- 1) жасыл - G индексі;
- 2) ашық сары - A индексі;
- 3) қызыл - R индексі;

48. Өндірістік қалдықтар бойынша ақпарат жоғарыда аталған қауіптіліктің 3 деңгейі бойынша қалыптасады және мынадай санаттар бойынша: химиялық және медициналық қалдықтар, радиоактивті қалдықтар, металл қалдықтары, екінші реттік қайта өңдеуге жарайтын металлдық емес қалдықтар, кәдеге жаратылған жабдықтар және көлік құралдары, өсімдік және жануарлардан шыққан қалдықтар, аралас тұрмыстық және коммерциялық қалдықтар, минералды-топырақ қалдықтары, жанудан қалдықтар, өзге де қалдықтар деп топталады. Өндірістік қалдықтар бойынша деректерді қалыптастыру кезінде келесі жіктелімдер қолданылады:

ЭҚЖЖ номенклатурасы – олар қалыптасқан экономикалық қызмет түрін сәйкестендіру үшін;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 169-п бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4775 болып тіркелген) және әзірленген Қалдықтар жіктеуіші – қалдықтардың қауіпті деңгейін және материалдар санатын сәйкестендіру үшін қажет.

49. Тұтыну қалдықтарының көлемі туралы деректерді қалыптастыру үшін коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі жылдық жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың деректері ақпараттық база болып табылады. Негізгі және (немесе) қосалқы қызмет түрлері ЭҚЖЖ – 38

болып табылатын шаруашылық субъектілері байқау объектісі болып табылады.

50. Жиналған және шығарылған тұтыну қалдықтары қалыптасу көздері бойынша: үй шаруашылығының қалдықтары, саябақ қалдықтары, құрылыс қалдықтары, өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға тең), көше қоқыстары, базар қалдықтары, басқа да қалдықтар болып бөлінеді.

51. Тұтыну қалдықтары бойынша ақпарат материалдардың санаттары бойынша: металл, металл емес қалдықтар, кәдеге жаратылған жабдықтар және көлік құралдары, аралас тұрмыстық және коммерциялық қалдықтар, өзге де қалдықтар болып топталады.

52. Еуразия экономикалық одағының құрамына кіретін мүше-елдер арасында қалдықтардың импорт және экспорт көлемі бойынша деректер Еуразия Экономикалық одағының мүше-мемлекеттерінің өзара тауар саудасы бойынша ай сайынғы статистикалық байқауы негізінде анықталады. Еуразия экономикалық одағының мүше-мемлекеттерімен экспорт және (немесе) импортты жүзеге асыратын шаруашылық субъектілері статистикалық байқау бірлігі болып табылады.

53. Еуразия экономикалық одағының мүшесі болып табылмайтын елдер арасындағы қалдықтардың импорты және экспортының көлемі сауда статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау негізінде анықталады.

54. Қалдықтардың экспорты мен импортының көлемі бойынша ақпаратты топтау «ЕАЭО Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына» (бұдан әрі – СЭҚТН ЕАЭО) сәйкес жүзеге асырылады.

55. Барлық құрамы анықталғаннан соң, қарапайым қосу әдісімен қалыптасқан қалдықтардың көлемі анықталады. Қалыптасқан қалдықтардың жиынтық көлемі тоннамен өлшенеді.

56. Қалдықтармен айналысу қалдықтардың пайда болуын ескерту және қалдықтардың пайда болуын төмендетуді қосқанда, есеп және бақылау, қалдықтарды жинау, сондай-ақ жинау, қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау және жою бойынша қызметтер түрін білдіреді.

57. Қауіпті қалдықтар бойынша әкімшілік көздердің әкімшілік деректері өндірістік қалдықтар айналымы жөніндегі ақпарат көзі болып табылады. Байқалатын бірліктердің кезеңділігі және аясы жөніндегі ақпарат

осы Әдістемеге 46-тармақта келтірілген.

58. Тұтыну қалдықтармен айналысу туралы ақпарат қалдықтарды сұрыптау, кәдеге жарату және сақтауға беру бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау негізінде қалыптастырылады. Аталған байқау бойынша байқалатын бірліктердің кезеңі және айналымы осы Әдістемеге 49-тармақта келтірілген.

59. Қайта өңделген, кәдеге жаратылған және полигонда орналасқан қалдықтар тоннамен өлшенеді.

### **3-параграф. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар шотының алғашқы көрсеткіштерін қалыптастыру**

60. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар шотын құрастыру үшін қолданылатын негізгі алғашқы көрсеткіштер ұлттық жағдайлар мен деректердің бар болуын ескеріп, осы Әдістемеге 6-қосымшада келтірілген қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар шотының (шартты мысал мың теңгемен) құрылымына сәйкес анықталады.

61. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардың көлеміне қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі капиталға инвестициялар және қоршаған ортаға жұмсалған ағымдық шығындар кіреді.

62. Қазақстан Республикасының техникалық реттеу заңнамасына сәйкес және «Қоршаған ортаны қорғау бойынша қызмет түрлерін және шығындарын жіктеу» (The Classification of Environmental Protection Activities and Expenditure) (CEPA 2000), «Ресурстарды басқару бойынша қызметтерді жіктеу» (Classification of Resource Management Activities (CREMA 2008)) және «Табиғатты қорғау қызмет түрлерінің жіктеуіші» (Classification of environmental activities (CEA 2011))» халықаралық жіктеуіштер негізінде әзірленген және бекітілген қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды басқару қызметінің түрлері және шығындарының ведомстволық жіктеуішіне (бұдан әрі – ҚОҚҚШ ж РБЖ) сәйкес қоршаған ортаны қорғау шығындарына жіктеледі. Осы жіктеуіш қоршаған ортаны қорғауды сипаттайтын қызмет түрлерін жіктеуге арналған.

63. ҚОҚҚШ ж РБЖ сәйкес қоршаған ортаны қорғауға өндірістік үдеріс немесе тауар мен қызметтерді пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген кез-келген шығынның алдын алу, төмендету және ластауды тоқтату бойынша мақсатты қызметтің барлық түрі кіреді

және табиғатты қорғау қызметінің келесі тоғыз түрлерін:

- 1) атмосфералық ауаны қорғау және климаттың өзгеру мәселелерін;
- 2) ақаба суларды тазалауды;
- 3) қалдықтармен жұмыс істеуді;
- 4) топырақ, жер асты және жер үсті суларын қорғау және оңалтуды;
- 5) шу және вибрациялық ықпалды төмендетуді;
- 6) биоалуандық пен мекендеу ортасын сақтауды;
- 7) радиация әсерінен қорғауды (сыртқы мемлекеттік қауіпсіздік мәселелерін алып тастағанда);
- 8) ғылыми-зерттеу жұмыстарын;
- 9) табиғат қорғау қызметінің басқа да бағыттарын біріктіреді.

64. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі капиталға инвестициялар және ағымдық шығындар Экономикалық қызмет түрлері бойынша ЭҚЖЖ номенклатурасына және ҚОҚҚШ ж РБЖ сәйкес табиғатты қорғау қызметі түрлерінің тоғыз бағыты бойынша топталады.

65. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындардың көлемі анықтау үшін келесі формула қолданылады:

$$V_{\text{(барлығы)}} = V_{\text{(инв)}} + V_{\text{(ағым. шығ.)}}, \quad (7)$$

мұнда;

$V_{\text{(барлығы)}}$  – қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар;

$V_{\text{(инв)}}$  – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі қорларға инвестициялар;

$V_{\text{(ағым. шығ.)}}$  – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ағымдық шығындар.

66. Кәсіпорындардың статистикалық байқауында қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі қорларға инвестициялар және ағымдық шығындар қоршаған ортаны қорғауға кеткен нақты шығындардың алғашқы есебінің деректері негізінде көрсетіледі.

67. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар көлемі жөніндегі ақпарат инвестициялық қызмет туралы жыл сайынғы жалпы мемлекеттік статистикалық байқау негізінде қалаптастырылады. Экономикалық қызмет түрлеріне қарамастан қоршаған ортаны қорғау бойынша инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық субъектілері статистикалық байқау

бірлігі болып табылады. Табиғатты қорғау қызмет түрлері бойынша шығындарды нақтылау ҚОҚҚШ ж РБЖ сәйкес жүзеге асырылады.

68. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған негізгі капиталға инвестицияларға барлық қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылатын барлық капиталдық салымдар жатады. Оларға жаңа құрылысқа, кеңейтуге, қайта жабдықтауға, техникалық қайта жарақтану және объектілерді модернизациялау, көлік алу, жабдықтар, көлік құралдары және басқаларына шығындар кіреді.

69. Қоршаған ортаны қорғау шығындары бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдық шығындар жыл сайынғы жалпы мемлекеттік статистикалық байқау негізінде қалыптастырылады. Экономикалық қызмет түріне қарамастан, табиғи ресурстарды пайдаланатын, ластаушы заттар мен өндірістік қалдықтардың шығарындылары мен төгінділері бар шаруашылық субъектілері статистикалық байқау бірлігі болып табылады. ҚОҚҚШ ж РБЖ сәйкес табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша ағымдық шығындар нақтыланады.

70. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ағымдық шығындарға қоршаған ортаның қорғау қызметімен байланысты шаруашылық субъектілерінің ағымдық (эксплуатациялық) шығындары жатады.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметпен байланысты шаруашылық субъектілердің қоршаған ортаға жұмсалған ағымдық шығындарға ағымдық (эксплуатациялық) шығындар жатады.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындардың құрамына:

қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі қорларды ұстау және пайдалану (олардың модернизациясына және қайта жаңғыртылуына кеткен шығындарды қоспағанда) табиғатты қорғау қорларын пайдалану кезінде қолданылатын шикізат, материалдар мен басқа да өнімдер, отын және электр энергиясы, осы қорларды ағымдағы жөндеуге, аталған қорларға қызмет көрсететін персоналды ұстауға жұмсалған шығындар, табиғатты қорғау имараттары және жабдықтарына қатысты сақтандыру бойынша төлемдер;

өз күшімен өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, сақтау/көму және қайта өңдеу немесе залалсыздандыру, жою және орналастыруға жұмсалатын шығындар;

қоршаған ортаға зиянды әсерлерді өз күшімен бақылау және мониторингілеу іс-шараларын ұйымдастыру, ғылыми-техникалық зерттеулер, ұйымда қоршаған ортаны



қорғау қызметін басқару;

бұрын жүргізілген шаруашылық қызметтер нәтижесінде бұзылған қоршаған ортаның сапасын сақтау және қалпына келтіру бойынша ағымдық іс-шаралар;

қоршаған ортаға зиянды әсер етуді төмендету үшін өзге де ағымдық іс-шаралар бойынша шығындар кіреді.

71. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар ЭҚЖЖ жіктеуішіне сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша және ҚОҚҚШ ж РБЖ сәйкес табиғатты қорғау қызмет түрлерінің тоғыз бағыты бойынша топталады.

72. Негізгі қорларға инвестицияларды және қоршаған ортаға жұмсалған ағымдық шығындарды анықтағаннан кейін қарапайым қосу әдісімен жылына мың теңгемен қоршаған ортаға жұмсалған жалпы шығындар көлемі анықталады.

#### 4-тарау. Деректерді редакциялау

73. ҰШЖ-да экологиялық шотты құру үшін алғашқы деректердің көрсеткіштерін сапалы қалыптастыру мақсатында деректерді көп деңгейлі бақылау (редакциялау, түзету, импутация) жүйесі қолданылады. Көп деңгейлі бақылау өткізу экологиялық шотты құру үшін қажетті ақпарат ҰШЖ-да жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистика, әкімшілік деректері сияқты әр түрлі көздерден қалыптасуына байланысты қате және дәйекті емес деректерді табуға бағытталған маңызды іс шара болып табылады. Деректерді редакциялау және импутациялау микро және макро редакциялау деңгейінде жүзеге асырылады.

74. Бақылау жолдары және әдістері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 29 наурыздағы № 51 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13626 болып тіркелген) «Өндіріс және қоршаған ортаны қорғау статистикасында деректерді редакциялау бойынша әдістемеге» (бұдан әрі – Редакциялау әдістемесі) негізделген.

75. Атмосфераға шығарындылар және қалдықтар шоттары бойынша респонденттерді толығымен қамту статистикалық ақпарат ретінде ұсынылатын жалпы стандартты талаптар негізінде Редакциялау әдістемесіне сәйкес микро редакциялау деңгейінде жүзеге асырылады. Қоршаған ортаға кеткен ағымдық шығындар бойынша алғашқы

көрсеткіштердің сапасы және дәйектілігін қамтамасыз ету деректерді қалыптастыру ерекшеліктерін ескере отырып, деректерді редакциялау жолымен жүзеге асырылады.

76. Белгілі бір себептермен аумақтық органдар мамандарының зерттелетін қоршаған ортаны қорғау шығындары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқау бойынша зерттелетін жиынтықтар (респонденттер) бойынша байқауды толық қамтуды қамтамасыз етпеуі қоршаған ортаға жұмсалған ағымдық шығындарды қалыптастыру кезінде жіберілетін мүмкін болатын қате көздері болып табылады, себебі статистикалық байқау бойынша жеке каталогқа шаруашылық субъектілерінің барлық экономикалық қызмет түрлері кіреді.

Жетіспейтін респонденттерді табу үшін сүрек дайындау және орман өсіру мен орман шаруашылығы жұмыстарын жүргізу, аңшылық пен аулау шығындары бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар арасында бақылау жүзеге асырылады. Статистикалық нысандар арасындағы бақылау жеке каталогты салғастыру арқылы жүзеге асырылады. Импутация ережесі негізінде байқалатын бірліктер толық қамтамасыз етілмеген жағдайда статистикалық байқаудың жетіспеген бірліктері жеке каталогқа толтыру жолымен қателерді жөндеу жүзеге асырылады. Байқаудың жетіспеген бірліктерінің деректері жоғарыда аталған статистикалық нысандарының алғашқы деректерін ауыстыру жолымен қоршаған ортаға жұмсалған ағымдық шығындарға қосылады.

## **5. Деректерді тарату және жариялау**

77. Экологиялық шоттар бойынша және деректерді жариялау мен ақпараттарды ұсыну физикалық және құндық мәндерде кесте түрінде бөлек, сондай-ақ кешенді физикалық және құндық деректері бар, ақпарат келісілген форматта ұсынылған, деректерді аралас форматта (гибридтік кесте түрінде) ұсыну қарастырылған. Деректерді ұсыну белгілі бір тақырып бойынша (мысалы, атмосфераға шығарындылар, қалдықтар және қоршаған ортаға жұмсалған шығындар) ақпараттың кең спекторын қамтиды, түрлі тақырыптар бойынша ақпаратты салыстырады, сондай-ақ физикалық болсын, құндық болсын деректерді қолданатын көрсеткіштерді шығарады.

78. ҰШЖ экологиялық шотты құрастыру кезінде қолданылатын жалпымемлекеттік статистикалық байқау негізінде қалыптастырылатын ақпарат алдын ала бекітілген ақпаратты шығару мерзіміне сәйкес


жарияланады. Ақпарат барлық пайдаланушылар үшін бір уақытта Комитеттің интернет-ресурсында статистикалық бюллетендер, жедел-ақпараттар, баспасөз хабарламалары және жинақтар түрінде орналастырылады.

Әкімшілік деректер негізінде қалыптастырылатын статистикалық ақпарат мемлекеттік органдардың интернет ресурстарында жарияланады.

Жарияланымда пайдаланушылар үшін қысқаша әдіснамалық түсініктемелер қоса шығарылады.

Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістемеге 1-қосымша

### ЭЭЕЖ деректер ағынының жүйесі (алғашқы деректерден шоттарға)



Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістемеге 2-қосымша

### Атмосфералық шығарындылар шотының құрылымы (шартты мысал тоннамен)

Ақпараттар көзі - парниктік газдарды түгендеу туралы байқау

Ақпараттар көзі - күнделікті шығарындарды есептеу бойынша байқау, үй шаруашылықтарының кірістері мен шығарындары бойынша байқау және тұтыну тауарлары және асылы қымметтер бағасы бойынша байқау

Ақпараттар көзі - «Монреаль хаттамасында реттелмейтін, көздерден антропогендік шығарындардың қаластры және парниктік газдарды жұтатын абсорбациялар жөніндегі Ұлттық бақылама»

Атмосфералық шығарындар шотының құрылымы (шартты мысал тоннамен)

Заттың түрі	Атмосфералық шығарындарға ресурстар кестесі								Атмосфералық шығарындар үшін пайдалану кестесі				
	Шығарындардың пайда болуы								Қорлайлыру	Шығарындар ресурстарының барлығы	Қоршаған ортаға ағындар	Қоршаған ортаға шығарындар	Ресурстарды пайдалану барлығы
	Салалар				Үй шаруашылықтары								
	Ауыл шаруашылығы	Кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді қазу	Өңдеу өнеркәсібі	Көлік	Өзгелер	Көлік	Жылу	Өзгелер	Полшгондардан шығарындар				
Көмірқышқыл газы	10 410,3	2 402,2	41 434,4	27 957,9	63 402,4	18 030,3	17 542,3	1 640,3	201,6	204 119,6	204 119,6	204 119,6	204 119,6
Метан	492,0	34,1	15,8	0,8	21,9	2,4	15,5	1,1	222,0	806,3	806,3	806,3	806,3
Азоттың шала тоғығы	69,4	6,0	37,9	259,5	89,0	38,0	12,1	1,3	0,3	513,6	513,6	513,6	513,6
Гидрофтор көміртектер	-	-	0,3	-	0,4	-	-	-	-	0,7	0,7	0,7	0,7
Перфтор көміртектер	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Күзгірт гексафториды	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Иіс газы	41,0	2,5	133,8	46,3	66,3	329,1	31,2	5,7	1,1	666,9	666,9	666,9	666,9
Метандық емес ұшпалы органикалық көміртектер	5,2	6,5	40,0	16,4	27,3	34,5	29,4	3,2	0,9	163,3	163,3	163,3	163,3
Күзгірт газ	2,7	0,4	28,0	62,4	8,1	0,4	0,4	0,1	0,0	102,5	102,5	102,5	102,5
Аэролик	107,9	-	1,7	0,2	0,8	2,3	11,4	1,2	0,2	125,9	125,9	125,9	125,9
Ауыр металдар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Орнықты органикалық ластағыштар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Қатты көпсалар (соның ішінде 10 және кем нитрон және шик)	7,0	0,1	8,5	9,5	4,4	6,0	2,8	0,5	0,0	38,5	38,5	38,5	38,5

Ақпараттар көзі - атмосфералық ауаны қорғау бойынша байқау

Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістемеге 3-қосымша

Жол көліктері үшін үнсіз келісім бойынша CO<sub>2</sub>, N<sub>2</sub>O и CH<sub>4</sub> шығарындар коэффициенттері

Жол көліктері үшін үнсіз келісім бойынша CO <sub>2</sub> , N <sub>2</sub> O и CH <sub>4</sub> шығарындар коэффициенттері және белгісіздік диапазондары			
Отынның түрі	Үнсіз келісім бойынша (кг/ТДж)	Төменгі	Жоғарғы
Автомобиль бензині	69 300	67 500	73 000
Бензин/дизель отыны	74 100	72 600	74 800
Сұйылтылған мұнай газы	63 100	61 600	65 600
Керосин	71 900	70 800	73 700

Майлау материалдары	73 300	71 900	75 200
Сығылған табиғи газ	56 100	54 300	58 300
Сұйылтылған табиғи газ	56 100	54 300	58 300

**Жол көліктері үшін үнсіз келісім бойынша N<sub>2</sub>O и CH<sub>4</sub> шығарындылар коэффициенттері**

Отынның түрі / Көлік құралдарының репрезентативті санаты	CH <sub>4</sub> (кг/ТДж)			N <sub>2</sub> O (кг/ТДж)		
	Үнсіз келісім бойынша	Төменгі	Жоғарғы	Үнсіз келісім бойынша	Төменгі	Жоғарғы
Автомобиль бензині – бақыланбайтын	33	9,6	110	3,2	0,96	11
Автомобиль бензині – тотығу катализаторы	25	7,5	86	8,0	2,6	24
Автомобиль бензині – жүріп өткен жолы аз жеңіл жүк көлігі, 1995 жылғы немесе кейін өндірілген	3,8	1,1	13	5,7	1,9	17
Бензин/ дизель отыны	3,9	1,6	9,5	3,9	1,3	12
Табиғи газ	92	50	1540	3	1	77
Сұйылтылған мұнай газы	62	нд	нд	0,2	нд	нд
Этанол, жүк көлігі, АҚШ	260	77	880	41	13	123
Этанол, автомобильдер, Бразилия	18	13	84	нд	нд	нд

Ұлттық шоттар жүйесінде  
экологиялық шоттарды

құрастыру үшін қажетті  
алғашқы көрсеткіштерді  
қалыптастыру бойынша  
әдістемеге 4-қосымша

Тұрақты өртеу үшін үнсіз келісім бойынша  
CO<sub>2</sub>, N<sub>2</sub>O и CH<sub>4</sub> шығарындылар коэффициенттері

Коммуналдық/ауыл/орман/балық шаруашылығы және балық өсіру Тұрақты өртеу үшін үнсіз келісім бойынша шығарындылар (төменгі жану жылуы негізінде ТДж-ға парниктік							
Отын		CO <sub>2</sub>			CH <sub>4</sub>		
		Шығар. Коэфф. ҮКБ	Төменгі шек	Жоғарғы шек	Шығар. Коэфф. ҮКБ	Төменгі шек	Жоғар шек
Шикі мұнай		73 300	71 100	75 500	10	3	30
Оримумльсия		г 77 000	69 300	85 400	10	3	30
Сұйылтылған табиғи газ		г 64 200	58 300	70 400	10	3	30
Бензин	Автобензин	г 69 300	67 500	73 000	10	3	30
	Авиабензин	г 70 000	67 500	73 000	10	3	30
	Реактивті қозғалтқыштарға арналған бензин	г 70 000	67 500	73 000	10	3	30
Реактивті қозғалтқыштарға арналған керосин		г 71 500	69 700	74 400	10	3	30
Керосинның б.т.		71 900	70 800	73 700	10	3	30
Тақтас майы		73 300	67 800	79 200	10	3	30
Газойль/Диз. отын		74 100	72 600	74 800	10	3	30
Өртенгіш мазут		77 400	75 500	78 800	10	3	30
Сұйылтылған мұнай газы		63 100	61 600	65 600	5	1,5	15
Этан		61 600	56 500	68 600	5	1,5	15

Нафта		73 300	69 300	76 300	10	3	30
Битум		80 700	73 000	89 900	10	3	30
Майлау материалдары		73 300	71 900	75 200	10	3	30
Мұнай коксы		r 97 500	82 900	115 000	10	3	30
Қайта өңделген мұнай шикізаты		73 300	68 900	76 600	10	3	30
Басқа да мұнай өнімдері	Мұнай зауыттық газ	n 57 600	48 200	69 000	5	1,5	15
	Қатты парафиндер	73 300	72 200	74 400	10	3	30
	Уайтспирит және СОТК	73 300	72 200	74 400	10	3	30
	Басқа мұнай өнімдері	73 300	72 200	74 400	10	3	30
Антрацит		98 300	94 600	101 000	300	100	900
Кокс. көмір		94 600	87 300	101 000	300	100	900
Битумды көмірдің басқа түрлері		94 600	89 500	99 700	300	100	900
Жартылай битумды көмір		96 100	92 800	100 000	300	100	900
Лигнит		101 000	90 900	115 000	300	100	900
Жанғыш тақтатаc және битум құмы		107 000	90 200	125 000	300	100	900
Брикеттелген қоңыр көмір		n 97 500	87 300	109 000	n 300	100	900
Патенттелген отын		97 500	87 300	109 000	300	100	900
Кокс	Пеш және лигнит коксы	r 107 000	95 700	119 000	300	100	900
	Газды кокс	r 107 000	95 700	119 000	r 5	1,5	15
Көмір қарамайы		n 80 700	68 200	95 300	n 300	100	900
Туынды газдар	Зауыттық газ	n 44 400	37 300	54 100	5	1,5	15

	Кокстық газ	n 44 400	37 300	54 100	5	1,5	15
	Домна газы	n 260 000	219 000	308 000	5	1,5	15
	Балқыту пештерінің оттек газы	n 82 000	145 000	202 000	5	1,5	15
Табиғи газ		56 100	54 300	58 300	5	1,5	15
Тұрмыстық қалдықтар (биологиялық емес фракциялар)		n 91 700	73 300	121 000	300	100	900
Өндіріс қалдықтары		n 143 000	110 000	183 000	300	100	900
Мұнай қалдықтары		n 73 300	72 200	74 400	300	100	900
Шымтезек		106 000	100 000	108 000	n 300	100	900
Қатты отын	Сүрек/сүрек қалдықтары	n 112 000	95 000	132 000	300	100	900
	Сақар (Қара сақар)	n 95 300	80 700	110 000	n 3	1	18
	Алғашқы қатты биомассаның басқа түрлері	n 100 000	84 700	117 000	300	100	900
	Ағаш көмірі	n 112 000	95 000	132 000	200	70	600
Сұйық отын	Биобензин	n 70 800	59 800	84 300	10	3	30
	Био-дизотыны	n 70 800	59 800	84 300	10	3	30
	Сұйық био отынның басқа түрлері	n 79 600	67 100	95 300	10	3	30
Биогаз	Газ органикалық қалдықтардан	n 54 600	46 200	66 000	5	1,5	15



	Кәріз жүйесінің газы	n 54 600	46 200	66 000	5	1,5	15
	Басқа биогаздар	n 54 600	46 200	66 000	5	1,5	15
Өзге де	Тұрмыстық қалдықтар  (биомасса фракциясы)	n 100 000	84 700	117 000	300	100	900

Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістемеге 5-қосымша

### Қалдықтар шотының құрылымы (шартты мысал тоннамен)

Ақпараттар көзі – қауіпті қалдықтар туралы байқау

Ақпараттар көзі – коммунальдық қалдықтарды жинау және шығару туралы байқау

Ақпараттар көзі - Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы байқау және сауда статистикасының агрегетталған деректері

#### Қалдықтар шотының құрылымы (шартты мысал тоннамен)

##### Қалдықтардың физикалық ресурстар кестесі

	Қалдықтардың пайда болуы			Өзге әлем	Қоршаған орталаң ағындар		Ресурстар барлығы
	Қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және пайдалану саласы	Өзге салалар	Үй шаруашылықтары		Қалдықтар экспорты	Алынған қалдықтар	
<b>Қалдықтардың пайда болуы</b>							
Усынылған және мелиоративтік қалдықтар	160	1 830	20	140	-	2 150	
Радиоактивті қалдықтар	5	-	-	-	-	5	
Темір қалдықтар	40	320	70	10	-	440	
Темір емес, қайта өңделетін қалдықтар	30	2 720	2 100	130	-	4 980	
Пайдалану жабықтары және көлік құралдары	-	140	280	50	-	470	
Шығу тегі өсімдік және жануар қалдықтар	-	10 530	1 700	80	-	12 110	
Аралас тұрмыс және коммерциялық қалдықтар	40	4 170	4 660	100	10	8 980	
Минералды-топырақты қалдықтар	300	29 100	570	170	-	30 140	
Жану қалдықтары	4 050	1 550	-	240	-	5 840	
Өзге қалдықтар	-	460	-	40	-	500	

Ақпараттар көзі – кәуіпті қалдықтар туралы байқау және қалдықтарды сұрыптау, қалғае жарату және сақтауға беру туралы байқау

Ақпараттар көзі - Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттермен тауарлардың өзара саудасы туралы байқау және сауда статистикасының біріктіріме деректері

**Қалдықтардың физикалық пайдалану кестесі**

	Аралық тұтыну; қалдықтарын жинау					Түпкі тұтыну; Үй шаруашылықтары	Өзге әлем; Қалдықтар экспорты	Қоршаған ортаға ағындар	Барлық пайдалану
	Қалдықтарын жинау, қайта өңдеу және қалғае жарату саласы								
	Коммуналдық қалдықтарды орналастыру үшін арналған қоғамс полигондары	Қалдықтарды өртеу; Барлығы	Соныан пішізе энергияны шығару үшін өртеу	Қайта өңдеу және қайта пайдалану	Өңге өңдеу				
<b>Қалдықтарын жинау және жою</b>									
Химиялық және медициналық қалдықтар	290	570	-	910	-		380	1 290	
Радиоактивті қалдықтар	-	-	-	-	5		-	5	
Төзір қалдықтар	10	-	-	200	-		30	230	
Төзір емес, екінші реттік өңдеуге жататын қалдықтар	-	550	500	2 930	-		160	3 090	
Пайдалану жабықтары және көлік құралдары	30	10	-	370	-		60	430	
Шығу тегі өсімшік және жануар қалдықтар	30	830	630	8 310	150		610	9 070	
Аралық тұрмыс және коммунальдық қалдықтар	730	6 450	2 300	1 070	-		630	1 790	
Минералды-топырақты қалдықтар	1 010	720	-	22 630	-		610	23 240	
Жану қалдықтары	30	-	-	400	-		200	600	
Өңге қалдықтар	20	120	-	40	-		320	360	

Ұлттық шоттар жүйесінде экологиялық шоттарды құрастыру үшін қажетті алғашқы көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша әдістемеге б-қосымша

**Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар ШОТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (шартты мысал мың теңгемен)**

Ақпараттар көзі - инвестициялық қызмет туралы байқау және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар туралы байқау.

**Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар шотының құрылымы (шартты мысал мың теңгемен)**

ҚОҚҚШ және РБЖ	Код №1	Код №2	Код №3	Код №4	Код №5	Код №6	Код №7	Код №8	Код №9
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	41 715	32 043	189 164	55 720	-	-	80	3 151	225 786
Кен өндіру, энергетика және қарьерлерді қазу	13 071 191	22 181 834	28 871 723	7 228 041	7 726	177 050	1 117 991	2 534 339	15 709 069
Өңдеу энергетикасы	38 688 755	19 270 178	14 460 376	1 256 969	9 501	82 961	156 682	351 886	1 015 958
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	82 45 899	3 203 236	8 405 218	2 513 333	4 833	1 732	2 292	109 577	6 542 087
Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтардың айналуын және таратылуын бақылау	221 869	8 805 229	2 718 544	501 993	316	-	2 121	41 412	134 550
Құрылыс	385 676	818 370	899 706	188 211	-	-	1 255	34 880	63 108
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	121 422	131 184	300 584	6 371	-	-	1 310	9 263	22 343
Көлік және жинау	840 067	629 706	744 556	334 895	7 073	53 847	19 103	24 666	169 943
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	5 180	118 719	92 561	5 373	-	-	-	-	3 556
Ақпарат және байланыс	50 509	13 746	26 947	-	-	-	-	-	1 297
Қаржы және сақтандыру қызметі	6 715	20 331	44 378	-	-	-	-	-	68
Жылжымалы мүлікпен жасалатын операциялар	38 875	166 872	286 055	1 996	-	-	-	-	6 131
Кәсіпшілік, ғылыми және техникалық қызмет	10 606 478	4 081 518	6 391 648	6 010 906	1 084	1 274 589	11 015	159 072	1 136 131
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	5 303	29 791	201 942	6 404	-	-	-	-	2 939
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	31 52 549	1 509 397	1 953 732	3 336 433	-	-	-	-	715 689
Білім беру	28 354	231 505	132 306	-	-	-	-	-	673
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	27 650	126 316	263 693	-	-	-	-	-	286
Өнер, ойын-сауық және демалыс	4 577	11 949	17 620	-	-	794	-	-	3 020
Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	6 707	23 697	13 332	-	-	-	-	-	-